

**Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 721 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қазанда № 8825 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 409 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.04.2016 № 409 бұйрығымен.**

«Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.Б. Әбсаттаров):

1) осы бұйрықты белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялады, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында **о р н а л а с т ы р у д ы ;**

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді **ұ с ы н у д ы** **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н .**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр  
Қазақстан  
және  
2013  
№ 721 бұйрығымен бекітілген

А. Жұмағалиев  
Республикасы  
коммуникация  
17

Көлік  
министрінің  
қыркүйектегі

**Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 32-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) (бұдан әрі – тиеу және түсіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу тәртібін уәкілетті органмен белгіленген.

3. Уәкілетті органмен кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуына тексеру тексерілетін субъектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, тек қана Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен белгіленеді.

4. Уәкілетті орган кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысуынсыз жүргізген жағдайда, осы Қағидалардың талаптары қолданылмайды.

## **2. Тексеруді жүргізудегі тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу тәртібі**

5. Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру уәкілетті органның жартыжылдық жоспарына сәйкес жүргізіледі.

6. Уәкілетті орган алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жүргізілетін тексерістерге, оның ішінде кірме жолдарды күтіп-ұстауға және багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіруге (босату) қатысу үшін тиісті мамандарды тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторын тарта алады.

Бұл ретте, тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының мамандарын тексеріске қатыстыру үшін осы туралы уәкілетті орган тексеріс басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды.

Өз кезегінде Тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы хабарламаны алған сәттен бастап хатта көрсетілген мерзімге мамандарды тексеріске қатысу үшін жібереді.

7. Кірме жолдарға тексеруді жүргізу кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы мамандарының қатысуымен уәкілетті орган оларды құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркелетін Тексеруді тағайындау туралы актіге қосады.

8. Тексеру қорытындысы бойынша жолдарды күтіп-ұстауда қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақаулар тапқанда және жылжымалы құрамның, контейнерлердің және жүктердің сақталуын қамтамасыз етпегені анықталған жағдайда тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының мамандары анықтаманы (қорытынды) әзірлейді.

9. Уәкілетті орган кірме жолды тексеру қорытындысы бойынша Тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының мамандарының әзірленген анықтамасында (қорытынды) берілген фактілерді есепке ала отырып Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 13 шілдедегі «Тексеру жүргізуге, жүргізілген тексеру нәтижелерін ресімдеуге арналған актілердің, жүру қауіпсіздігін бұзушылық жағдайларын есепке алу жөніндегі қажетті есеп құжаттарының, анықталған бұзушылықтарды жоюға нұсқамалардың нысандарын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 4317 тіркелген) № 175 бұйрығымен (бұдан әрі - № 175 бұйрық) бекітілген нысанға сәйкес Тексеру актісін әзірлейді.

Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган № 175 бұйрыққа сәйкес белгіленген нысан бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы енгізеді, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастырады.

10. Тексерудің нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда тармақ иеленуші оларды жазбаша түрде жазады.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру актісіне қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі жасалады.

11. Тармақ иеленуші көрсетілген актінің негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тоқтатады.

12. Тексеруді жүзеге асыру кезінде тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін субъекті мемлекеттік көліктік бақылау органы, тасымалдаушы немесе Ұлттық инфрақұрылым операторының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.